

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін орындалған
Құрманбаева Ақмарал Жұмаділлақызының
«Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы»
атты диссертациялық жұмысына**

АНДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Қазіргі таңда заманауи жеке тұлға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени ортада өмір сүреді. Бұл орта аса күрделі құбылыс ретінде адамға байқалмай ықпал етіп, оның дүниетанымы, іс-әрекеттері мен ойлау, қабылдау жүйесінің қалыптасуына тікелей қатысты болатыны сөзсіз. Өркениет дамуының нәтижесі, оның қалыптасу құралының бірі, тарихының тіркелу амалы, мәдени орта компоненттерінің бірегейі тіл болып саналады және атап айтқанда, ең алдымен, бұл – арнаулы лексика. Яғни, арнаулы білім салаларының лексикалық бірліктер (терминдер) жиынтығы. Олар мақсатты түрде реттелу мен басқарылуға бейім келетін лексиканың ерекше бір қабатын құрайды. Дәл осы арнаулы лексикада тіл дамуы мен халықтың материалдық және рухани мәдениетінің тарихи байланысы көрнекі түрде айқындалады. Осы жағдай Еуропалық кеңестің *терминологияны* ХХІ ғасырдың жетекші саласы ретінде тануына әкелді. Қазіргі кезде ғылыми-техникалық білімнің қарқынды дамуы заманауи тілдерде пайда болып жатқан жаңа сөздердің 90 %-ынан астамы осы арнаулы лексика екенін анық көрсетіп отыр. Адам қызметінің түрлі салаларына қатысты терминдер санының артуы тілдің жалпықолданыстық сөздер қабатынан әлдеқайда көп байқалады. Сол себепті қазіргі таңда жеке ғылым салаларының, мәселен, химия, биология, медицина терминдерінің саны жалпықолданыстық сөздер санынан басым екенін көруге болады.

Оның үстіне соңғы кездері терминдердің басым көпшілігі жалпықолданыстық тілге өтіп, ал терминологиялық мәселелер жалпы ұлттық тілге айтарлықтай ықпал етуде. Сондықтан да арнаулы лексика саласының қалып-күйін зерттеу тіл дамуы үшін аса маңыздылыққа ие болып отыр. Арнаулы лексика саласында ғана адамның тілге саналы түрде ықпал етуі жүзеге асырылады. Сондай-ақ қазіргі кезде білімнің жекелеген лексика салаларын реттеуден бүкіл тілдің арнаулы лексика қабатын жоспарлы түрде бірізділендіруге көшу мүмкіндігі туындап отыр.

Кез келген терминжасам тәсілдері терминологиялық жүйе қалыптасуының кезеңіне тәуелді болып келеді. Бұл ретте, ең алдымен, термин белгілі бір ғылым саласының элементі екенін ескеру қажет. Осыған байланысты әрбір тілдің терминжасам үдерісі, ең алдымен, сол тілдің өз сөздік құрамы, ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асырылатыны белгілі. Яғни терминдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады да, осыған сәйкес терминдер қатарында сол тілге тән әртүрлі құрылымдық түрлері кездеседі: термин-түбір сөз, термин-

туынды сөз, термин-күрделі сөз, терминологиялық сөз тіркесі, терминологиялық сөйлем және т.б.

Сұлулық индустриясына қатысты атаулардың басым көпшілігі термин, терминологиялық жүйе мүшелері болып табылатыны сөзсіз. Олар саналы мақсатты түрде жасалып, біріздендіріліп, ресми құжаттарда, ресми тізімдерде, буклеттерде, прејскурант тізімдерінде, журналдарда, каталогтарда тіркеледі. Қазақ терминологиясы, оның ішінде қалың бұқараға кеңінен танылып келе жатқан сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі де мүмкіндігінше ұлттық негізде құрылуы тиіс. Жаһандану үдерісінде сұлулық индустриясына қатысты терминологиялық бірліктердің табиғатын білудің маңызы ерекше деп санаймыз.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Диссертациялық жұмыс қазақ тіліндегі сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесі қалыптасуының тілдік және тілден тыс тетіктерін зерттеуге арналған. Қазіргі таңда сұлулық индустриясы аса күрделі пәнаралық білім саласы ретінде қоғам және күнделікті тұрмыс-тіршілік т.б. тұрғыдан үлкен сұранысқа ие бағыттардың бірі болып табылады. Аталған қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы оның терминологиялық жүйесінің кеңеюіне, сондай-ақ осы кезге дейін ұлттық тілде бар терминжасам амал-тәсілдері арқылы көптеген жаңа терминдердің қалыптасуына алып келді.

Қалыптасып жатқан терминологиялық жүйелерді зерделеу өзекті мәселе болып саналады, себебі дәл қазіргі сәтте даму үстіндегі қызмет саласының терминологиясын анықтау жаңа терминологиялық жүйені стандарттауға, жүйелеуге, біріздендіруге белгілі үлес қосумен қатар, кәсіби мәдениаралық коммуникацияда орын алатын бірнеше мәселелердің шешімін табуына септігін тигізеді.

Кез келген ұлттық тілдің терминологиясы өзінің құрамында қоғамның барлық кәсіби қызмет салалардың арнаулы ұғымдар атауларын қамтып, сол сияқты қазақ терминологиясы да ғылым мен техниканың күрделі даму кезеңінен өтіп, қазіргі таңда қоғамдық институттар, өнер, мәдениет, отандық ғылым мен техника дамуының қазіргі деңгейіне сәйкес терминжасамның жоғары дамыған жүйесін көрсетеді. Осы күнгі қазақ терминологиясының синхронды даму жағдайы біртұтас терминологиялық жүйелер мен жеке терминдердің жасалу уақыты тұрғысынан терминжасам тәсілдеріне қатысты жалпы оның қалыптасу көздерінің түрлі болуы мен күрделілігін айқындайды.

Тіл зерттеушілері ғылым тілін жалпы әдеби тілдің бір жүйесі ретінде бөліп қарастыруда, жалпы әдеби тілдің ғылым тіліне қарағанда көпқұрылымдылығы мен көпжұмсалымдығына ерекше назар аударады. Көпжұмсалымдық әдеби тілден ғылым тілінің басты айырмашылығы, оның адам қызметінің белгілі бір саласына ғана тән ерекше коммуникация қажеттілігіне жұмсалуды. Осы тұрғыдан келгенде, ғылымның кәсіби тіл бірліктерін зерттеу мәселелері өзектілігі тұрғысынан арнайы зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Сонымен қатар зерттеу жұмысының өзектілігі төмендегідей бірнеше факторлармен де айқындалады:

- сұлулық индустриясы дамуының қазіргі қоғам өмірінде жоғары маңыздылыққа ие болуы;

- сұлулық индустриясы терминдері мен терминологиялық жүйелерін зерттеуге арналған жұмыстардың жоқтығы;

- қалыптасып жатқан терминологиялық жүйені кешенді лингвистикалық зерттеу қажеттілігі.

Қазіргі қазақ терминологиялық жүйелерінің синхронды сипаты олардың пайда болу дереккөздерін, жекелеген терминдер мен терминологиялық жүйелердің қалыптасу уақытын, терминжасам әдіс-тәсілдерінің қаншалықты күрделі екендігін көрсетеді. Әрбір ұлттық тілдің терминологиялық қоры сол этностың танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінің жемісінен, қоғамның кәсіби қызметінің барлық салаларындағы арнаулы ұғымдар атауларынан көрініс табады. Сондықтан арнайы зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелер қатарына ғылым, білім және техникалық кәсіби тіл лексикасы жатқызылады. Қазіргі таңда арнаулы лексика саласындағы терминжасам мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін таппаған деуге болады. Себебі терминжасам мен терминология саласындағы барлық жаңа жасалымдар ұлттық тілдің өзінің негізінде жасалған болсын немесе өзге тілден қабылданған болсын, ең алдымен, терминологияда орын алады, өйткені арнаулы лексика үнемі өзгеріске ұшырап отырады.

Зерттеудің нысаны – қазақ тіліндегі сұлулық терминжүйесі.

Зерттеу жұмысының пәні – қазақ тіліндегі сұлулық индустриясы терминдерінің өнімді/өнімсіз амал-тәсілдері, құрылым, қолданыс және жұмсалым ерекшеліктері, олардың жүйеленім сипаты.

Зерттеу жұмысының материалдары. Зерттеу материалдары ретінде жаппай және ішінара сұрыптау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесін құрайтын қазақ тілі материалдары бойынша 1000-ға жуық терминологиялық бірлік іріктеліп алынды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеуіміздің негізгі дереккөздеріне ең алдымен лингвистикалық деректемелерді жатқызамыз: түсіндірме, түрлі терминологиялық сөздіктер (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15-тт. – Алматы, 2011; Қазақ тілінің сөздігі / жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.; Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі / Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі / құраст. Ш. Құрманбайұлы, С. Сапина. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 352 б. Ал лингвистикалық емес деректерге біз әлеуметтік желілер, ғаламтор, сұлулық салондарындағы құжаттамаларды жатқызамыз (Avon, Oriflame, Mary Kay, Faberlik т.б. компаниялардың каталог-жорналдары 2015-2020 жылдар аралығындағы, сұлулық салондарында қызмет түрлерінің атауларынан тұратын преysкурant парақша-буклеттері, әлеуметтік желілердегі жарнамалар т.б.). Ғаламтор ресурсы ретінде түрлі әлеуметтік желілер мен парақшалар қолданылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – сұлулық индустриясы терминдері мен терминологиялық жүйесі қалыптасу ерекшелігін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- арнаулы ұғымды білдіруші лексикалық бірлік ретіндегі термин жайында қазіргі лингвистикадағы ғылыми ұстанымдарды зерттеу арқылы жұмыстың теориялық базасын айқындау;

- сұлулық индустриясының қазақ тіліндегі терминологиялық жүйесін құрайтын терминдер корпусын анықтау, терминологиялық өрісінің көлемі мен құрамын сипаттау;

- аталған сала терминдерінің негізгі терминжасам амал-тәсілдерін талдау;

- терминдердің негізгі тақырыптық топтарын айқындау және жұмсалым үдерісі барысындағы басты өзгерістерді сипаттау;

- кірме терминдер мен ұлттық тіл негізінде жасалған терминдердің ара жігін ажыратып, үлес салмағын анықтап, басты ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер: Зерттеу барысында жинақтау, салыстыру, сипаттау, топтау әдістері қолданылды. Терминдер жаппай іріктеу тәсілі арқылы жинақталды. Сондай-ақ тілдік деректерді дефинитивтік талдау, морфологиялық-синтаксистік, лексика-семантикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің терминология саласы бойынша, терминологиялық жүйе, терминологиялық өріс бағыттары бойынша ізденген зерттеушілердің еңбектері алынды: термин және терминология мәселесі туралы іргелі зерттеулер жүргізіп, қазақ терминологиясының теориясы мен практикасына зор үлес қосқан, терминжасауға белсене араласқан ғалымдар қатарынан ең алдымен А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, С. Бәйішев, Б. Бірімжанов, Қ. Шәріпов, Ә. Қарақұлов, Ә. Сатыбалдиев, І. Жарылғапов, Ә.Т. Қайдаров, Ш. Сарыбаев, Ж. Смағұлов, А. Әбдірахманов, Р. Сыздық, Ө. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Айдарбек, Е. Әбдрәсілов, А.Х. Азаматова, А.М. Ахметбекова және т.б., сондай-ақ ресей және шетел ғалымдары Г.О. Винокур, В.М. Лейчик, К.Я. Авербух, В.П. Даниленко, С.В. Гринев-Гриневич, Д.С. Лотте, Ю.Н. Ревина, Д.Л. Бронникова, В.А. Никифоров, Г.П. Кузикович т.б., терминологиялық жүйе мәселелері жайында Л.А. Капанадзе, А.В. Суперанская, Н.Н. Мелех, О.А. Алимуратов, М.Г. Павлова, О.В. Чурсин, О.В. Борхальд, М.Н. Володина т.б., терминологиялық өріс теориясына қатысты Л.В. Морозова, И.П. Смирнов, И.М. Сулова т.б., арнаулы лексика мен кәсіби лексика мәселелері жөнінде В. Шмидт, Л. Гофман, О.С. Ахманова, Д.Э. Розенталь, Г.В. Строева, В.Н. Портянникова т.б., дефиниция, дефинитивтілік, дефинитивтік қызмет сұрақтары бойынша Д.С. Шелов В.А. Иконникова, А.В. Сложенникова, Л.С. Герд, К.Л. Левковская, И.А. Ребрушкина, М.И. Фомина, А.В. Иванов, Э.Г. Ризель, Н.С. Гаранина, В.Т. Sue Atkins, M.Rundell, Juan C.Sager және т.б. тұрғысынан жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулері мен еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу жұмысының барысында сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі көпәспектiлi жан-жақты талдауға алынып, оның жалпы тілдің бір терминжүйесі екені сипатталды. Зерттеудің нәтижелері қазақ тіл білімінде терминология, терминжасам мен сөзжасам теориясына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында

жасалынған тұжырымдамалар мен нәтижелер қазіргі терминологияның кейбір мәселелерінің дамуына, қалыптасуына септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Зерттеудің нәтижелері қазіргі қазақ терминологиясы жөнінде жаңа ой-пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді. Диссертацияның негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында қазақ терминологиясының теориясы салаларынан оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда, арнайы семинар мен арнайы курстық, аудиториялық дәріс оқуда пайдалануға болады. Сонымен, ең бастысы, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдардың бірқатары сұлулық индустрия саласының мамандарын тілдік дайындауда, сол сала аудармашыларына семинар-тренинг, түрлі курстар ұйымдастыруда, олардың кәсіби қызметі барысында терминдер жұмсалымын дұрыс бағытқа қоюға септігін тигізеді. Зерттеудің нәтижелері мен материалдарын келешекте аудармашылар мен кәсіби сала мамандарына арналған сөзтізбелер әзірлеу үдерісінде біртiлді, екітілді терминологиялық сөздіктер мен анықтамалар құрастыруда пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының жаңалығы. Зерттеу жұмысында сұлулық индустриясының терминологиялық жүйесі ғылым мен білімнің, техниканың қалыптасу барысындағы жаңа саласы ретінде отандық тіл білімінде алғаш рет зерттеу нысанына алынып отыр. Диссертациялық зерттеуде алғаш рет сұлулық индустриясы қалыптасуының негізгі тәсілдері, жаңа терминологиялық жүйеге негіз болған пәнаралық ғылыми салалар, аталған терминологиялық жүйенің лексика-семантикалық және тақырыптық топтары, сондай-ақ терминологиялық өрісінің өзек және аймақтарын құрайтын терминологиялық бірліктер жиынтықтары айқындалды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- сұлулық индустриясы терминжүйесі пәнаралық сипатқа ие күрделі құрылым, соңғы онжылдықта өнімдері мен қызмет түрлерінің күрт көбеюі және сұраныстың артуы аталмыш сала терминологиялық жүйесінің қалыптасу динамикасын көрсетеді. Аталған білім саласының ғылыми ұғымдар жіктеліміне негізделген қисынды ретті жүйе сұлулық индустриясының терминологиялық өріс элементтерінің семантикалық байланысын қамтамасыз етеді.

- сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесінің өзегін нақты сол саланың ерекшеліктерін айқындайтын және оның білімнің басқа салаларымен қатынасын көрсететін терминдер құрайтын болса, ал шеткері аймақтарында білімнің басқа салаларынан алынған кірме терминдер құрайды. Зерттеуге алынған саланың жүйеаралық кірме терминдері сұлулық индустриясының пәнаралық сипатымен ерекшеленеді.

- терминжасам амал-тәсілдерінің түрлі аспектілігі сұлулық индустриясы терминологиялық жүйесін қазақ тіліндегі салалық терминдердің тіркелген жиынтығы ретінде сипаттауымен қатар, тіл заңдылықтарымен айқындалатын құрылымдық-тілдік факторларды есепке алатын және сол шағын тілдің ұғымдар жүйесінің дамуына қатысты ұғымдық факторлар арқылы қалыптасып жатқан,

термин-сөзден гөрі термин-сөз тіркесі басым, өнімді тәсілі синтаксистік тәсіл екендігін көрсетеді.

- бастапқыда сұлулық индустриясы терминдерінің басым көпшілігі парфюмерлі-косметикалық құралдар атауларымен айқындалып, ал оның бір бөлігін жасанды жасалған немесе синтездік препараттар атауларын білдіретін терминдер құраған. Бұл кезеңде кәсіби қолданыс пен узус деңгейіндегі терминдердің жүйеленуі орын алған. Кейіннен аталған индустрия саласының қоғамда кеңінен қарқынды дамуына орай, заттық категорияға қоса үдерістік категорияны білдіретін терминдер қабатының өзара байланысқан «әйелдер-ерлер-балалар», «бас-шаш-дене» және «тазалау-күту-әрлеу» үштіктері бойынша толығу үрдісі байқалады.

- сұлулық индустриясының терминологиясында қазіргі ғылым жүйесінің өзекті үрдісінің бірі терминдерді интернацияландыру құбылысы айқын көрініс тапқан. Жаңа қалыптасып жатқан терминологиялық жүйе екеніне қарамастан, аталған терминдер жиынтығы біртұтас өзіндік терминологиялық жүйені құрап, қазақ тіліндегі сұлулық индустрия саласының базалық ұғымдарының ұлттық тіл негізінде жасалу үрдісі сақталғанымен, кірме терминдерді төл тілдің фонологиялық-морфологиялық заңдылықтарына қарай бейімдеу үрдісінің үлес салмағы жоқтың қасы.

Жұмыстың талқыланылуы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 7 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 3 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒССКК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

- Терминологиялық жүйе ұғымының кейбір ерекшеліктері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – № 4. – Алматы, 2016. – Б.56-60.

- Кәсіби лексика мен терминологияның арақатынасы жайында // II международная научно-практическая конференция «Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности. – Осака, Япония, 2017. – С. 373-379.

- Жаңа салалардың ұғымдық-терминологиялық аппараты және сұлулық индустриясына қатысты зерттеулер // XXI ғасыр филологиясының өзекті мәселелері халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б.198-202.

- «Косметикалық құралдар» терминжүйесінің тақырыптық топтары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі халықаралық ғылыми көпшілік журнал. – №3 (59). – Астана, 2018. – Б.123-126.

- Арнаулы лексиканың жіктелімдік ерекшеліктері // Международная студенческая научная конференция «Менеджмент качества: поиск и решения» – Касабланка, Марокко, 2018. – Б.95-100.

- Термин, терминжүйе және терминологиялық өріс ұғымдарының маңызды белгілері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – № (3)65. – Алматы, 2018. – Б.150-156.

- Linguistic nature of the terminological system of the beauty industry // Opcion. Volume 35, Issue 90-2. – Nitra, 2019. – P. 332-345.

Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен 7 кесте, 9 суреттен және қосымшалардан тұрады.

